Ұ Й Ғ А Р Ы М

2023 жылғы 30 қараша №5165-23-00-2/3104 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Б.Рүстем, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен талап қоюшы "Кентау қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің «Кентау қаласының цифрландыру орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Best PRO» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабымен қозғалған азаматтық істі қарап,

АНЫҚТАДЫ:

Талап қоюшы сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талаппен жүгінген.

Іс құжаттарына қарағанда жауапкердің мемлекттік сатып алу туралы шартта көзделген 24326,40 теңге көлемінде келісім шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын төлемегені анықталды.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 43 бабының 9 тармағына сәйкес өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді міндетті. Бұл ретте тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өнім берушіге мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы осы шартты бұзу ниеті туралы хабарлама жібереді. Егер өнім беруші мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы хабарлама алынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбесе, тапсырыс беруші осы шартты бұзу туралы хабарлама жібереді.

Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 44 бабының 1 тармағына сәйкес егер жеңімпаз деп танылған әлеуетті өнім беруші осы Заңда белгіленген мерзімдерде тапсырыс берушіге мемлекеттік сатып алу туралы қол қойылған шартты ұсынбаса немесе мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасып, мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді және (немесе) осы Заңның 26-бабына сәйкес соманы (ол болған кезде) енгізбесе, онда мұндай әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарды деп танылады.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12 бабының 5 тармағына сәйкес, осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі (жеңімпаздар деп айқындалған, мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған әлеуетті өнім берушілер) уәкілетті органның әлеуетті өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы шешімі негізінде қалыптастырылады.

Құжатқа қол қойылған: Рүстем Б. М., 04.12.2023

Осылайша, мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған әлеуетті өнім берушіні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы сот ісін жүргізу тәртібімен қарауға және шешуге жатпайды.

Талап қоюшы өнім берушіні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы шешім қабылдау үшін тиісті уәкілетті органға жүгінуге міндетті.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – АПК) 277 бабының 1) тармағына сәйкес, сот, егер іс азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қарауға жатпаса, іс бойынша іс жүргізуді тоқтатады.

Сот тараптарға осы АПК-нің 278-бабында көзделген іс жүргізуді тоқтатудың тәртібі мен салдарын түсіндіреді.

АПК-нің 268-269, 277 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

Ұ Й Ғ А Р Ы М Е Т Т І:

Талап қоюшы "Кентау қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің «Кентау қаласының цифрландыру орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Best PRO» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы бойынша іс жүргізуі тоқтатылсын.

Талап қоюшыға Талап қоюшыға іс бойынша іс жүргізу тоқтатылған жағдайда сол тараптар арасындағы дау бойынша, сол нысана туралы және сол негіздер бойынша екінші рет сотқа жүгінуге жол берілмейтіні түсіндірілсін.

Ұйғарымға наразы жақ АПК-нің 429-бабының талаптарын сақтай отырып, ұйғарым түпкілікті нысанда дайындалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья **Б.Рүстем**

Құжатқа қол қойылған: Рүстем Б. М., 04.12.2023

5165-23-3-1/3341